

6D073100 «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған  
Исмаилов Бахытжан Абдухалиқұлының

««ЖАМБ-70» поликомпонентті минаралды тыңайтқыштың тіршілік  
қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиясын және үйымдастыру өндірісін  
жетілдіру» атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекші

## ПІКІРІ

### Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының минералды тыңайтқыштарды өндірісінің технологиясы мен үйымдастыруын қаіпсіз жетілдіру саласында жүргізілді. Жұмыс жасау бағыты өндірістік кәсіпорындардың тіршілік қауіпсіздігінің ең бір қажетті салалары болып саналады. Себебі, КР ТЖМ мәліметтері бойынша Қазақстанда жыл сайын табиғи және техногендік сипаттағы 21 мыңдан 24 мыңға дейін төтенше жағдайлар (ТЖ) орын алады. ТЖ-да зардал шеккендердің саны жылына 5500 – ден 8600 адамға дейін, ал қаза болғандардың саны 1520-дан 1602-ге дейін ауытқиды да жылдан жылға жоғарылау тенденциясы байқалады. Шетелдік төтенше жағдайлармен салыстырғанд бұл өте үлкең көрсеткіш болып табылады.

Қазақстан Республикасы аймағында өнеркәсіптік қауіпсіздікті төмен технологиялық тәртіп, қауіпті өндірістік нысандарындағы жұмыстарды орындауға нашар бақылау, белгіленген мөлшерлік мерзімдерді өтеген ақаулы жабдықтар мен техникалық құрылғыларды пайдалану, қызметкерлердің төмен біліктілігі, технологиялық қайта жарактандыру жөніндегі жиынтық жоспарды уақтылы орындау және толық немесе ішінара тарату өте өзекті болып табылады

Қазіргі заманғы қауіпсіздік жүйелері деп үлкен аумақтарда орналасқан әр түрлі өндірушілердің жүздеген және мыңдаған компоненттерінен тұратын күрделі кешендерді атауға болады. Барлық қолда бар техниканы бірынғай жүйеге интеграциялау әлі күнге дейін тек ішінара ғана шешілді - жекелеген мамандандырылған шағын жүйелер шеңберінде, олар күзет, өрт, бақылау немесе бейнебақылау жүйесі. Бұл шешімдер өндіріс қауіпсіздігін төтенше жағдайларда толық шеше алмайтынын көрсетеді.

Өндіріс нысандарда немесе сол аудандарда тұрған қауіптілік әлеуеті халықтың денсаулығына қауіп төндірүі мүмкін, қоршаған ортаның фаунасы мен флорасы, техносфера нысандары, сондай-ақ техногендік және көміртекті шикізат ресурстары негізінде тукоқоспасын өндіру процесінде өрт, жарылыш және қауіпті заттардың газ шығарындылары түрінде қауіпті оқиғалар түрінде жүзеге асырылады.

Сол себепті минералды тыңайтқыш өндірісінің тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиясын және үйымдастыру өндірісін жетілдіру ғылыми жұмыстың өзекті мәселелері болып табылады.

## **Ғылыми жаңалығы және оның негізділігі**

Докторанттың диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы болып "ЖАМБ-70" ұзақ уақыт қызмет жасайтын түкоқоспаларын өндіру мен қолдану қауіпсіздігін басқарудың ғылыми негізделген техникалық және технологиялық шешімдерін өзірлеу, сонымен қатар фосфор өндірісінің техногенді фосфатты шикізаты негізінде көмір өндіру кәсіпорнында табиғи глауконитті адсорбент ретінде енгізу.

Нысанда төтенше жағдайлардың алдын ала ескерту және жою бойынша жедел әрекет ету мақсатында экологиялық таза өнім алу кезінде құрамында әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының тамырында аздаған ауыр металдар бар:

- экологиялық және технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыздандыратын құрамында аршылған алюмо силикатты қосылыстары бар қоспадағы көміртегі бар "ЖАМБ - 70" түкоқоспасын өндіруге арналған қауіпсіздік жүйелерінің модельдері тұрақталған;

- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыздандыратын ГАЗ технологиялар негізінде "ЖАМБ - 70" түкоқоспасын өндіру кезіндегі апарттық жағдайлардың нақтыланған үлгілері анықталған;

- экологиялық және технологиялық майда ұсақтарды іске жарату мақсатында "ЖАМБ - 70" қондырғының укоқоспасын алу өндірісінің қауіпсіздігін басқарудың өзірленген алгоритмдері мен бағдарламалық кешені жасақталынған;

- экологиялық және технологиялық "ЖАМБ - 70" түкоқоспасын алу үшін кешенді қауіпсіздік жүйесінің функцияларын интеграциялау бойынша бірыңғай диспетчерлік қызметті пайдалану әдістемесі өнделген.

## **Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы.**

- технологиялық үлгі өзірленді және жұмыстың іс жүздік құндылығына өзірленген технологиялық үлгілерімен түкоқоспасын өндіру нысанының қызмет көрсетуші персоналының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету;

- іс тәжірибелік сағатына 5 тонна түкоқоспаны өндеу қондырғысының үлгісі тиімді көрсеткіштерінің жұмыс істеу тәртіптері және құрылымға қажетті материалдармен шығындар жасақталынған;

- нысанға және жақын аймақтағы жекеленген тұрғындармен қоршаған ортаны төтенше жағдайда ескерту бойынша ұсыныстар ұсынылды;

- өнеркәсіптік кәсіпорынның кешенді қауіпсіздігінің ақпараттық - басқару жүйесін пайдалана отырып, қорғау іс - шараларын қолдану есебінен халықтың санитарлық-қорғау аймағында және өнеркәсіптік ауданда халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуі.

Диссертациялық жұмысында диссертант эколого-ұнемділік тиімділігін анықтаумен дайын өнім алғанда күтілетін тиімділігі нәтижесінде жаратылатын қаржылардың екі жарым жылда қайтаралытындығын есептеп шыққан және технико-ұнемділік негізділігін өндеген.

## **Диссертациялық жұмысты қорғауға ұсыныс**

PhD докторант Бахытжан Абдухалиқұлы Исмаиловтың ғылыми-практикалық қызметін сипаттай отырып, өмір тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жоғары біліктілігі бар маман ретінде жүргізген зерттеу жұмыстарына қатысты жауапкершілігін атап өту қажет.

Сонымен қатар, төртінші тарауға назар бөлсек «Ықтимал қауіпті нысандардың қауіпсіздік жүйелерінің моделдерін» қарастырғанда диссертант оны әдебиеттерге сүйене екі бағытты қарастырған – бірінші ықтимал теориясы жағынан және екінші жағынан талдау жолымен мақсатына жету мүмкіндіктері бойынша.

PhD докторант Бахытжан Абдухаликулы Исмаиловтың диссертациясының өзектілігі, алған жаңалығы, практикалық маңыздылығы және орындалған зерттеулер мазмұны қолданбалы сипатқа негізделген ғылыми зерттелген жұмыс деп есептеймін.

Диссертация КР БФМ белгілеген талаптарға сәйкес және «6D073100 – Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші  
техника ғылымдарының  
докторы, профессор

Жантасов К.Т.

